

«КЕЛІСЕМІН»

**ҚР МСМ Спорт және дене
шынықтыру істері комитетінің
төрағасы**



С. Ерғалиев

2022 ж.

«БЕКІТЕМІН»

**ҚР БҒМ «Ұлттық ғылыми-
практикалық дене тәрбиесі
орталығы» РМҚК**

Бас директоры



С. Садықов

2022 ж.

**БИАТЛОН СПОРТЫНАН 2006-2007, 2008-2009 ж.т. ОҚУШЫЛАР
АРАСЫНДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАРЫСЫН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ
(ұлдар-қыздар)**

**Щучинск қаласы
2022 жыл**

1. Мақсаты және міндеті

2022 жылды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев "Балалар жылы" деп жариялады. «Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық – бұл біздің жалпыұлттық міндетіміз»

- салауатты өмір салтын қалыптастыру, өскелең ұрпақтың денсаулығын арттыру;
- мектеп жасындағы балаларды дене шынықтырумен және спортпен айналысуға тарту;
- моральдық-ерік, эстетикалық-адамгершілік, патриоттық қасиеттерді тәрбиелеу;
- өңірлік мектептерде спорттың даму деңгейін арттыру;
- спорттық ізбасарларын қалыптастыру үшін талантты спортшыларды анықтау.

2. Жарысты ұйымдастырушылар

Биатлон спортынан 2006-2007, 2008-2009 ж.т. оқушылар арасында республикалық жарысын (ұлдар, қыздар) өткізуге жалпы басшылықты ҚР БҒМ "Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы" (бұдан әрі-ҰҒПДТО) жүзеге асырады.

Жарысты тікелей өткізу ҚР БҒМ ҰҒПДТО бекіткен төрешілер алқасына жүктеледі.

3. Өткізу орны мен мерзімі

Биатлон спортынан 2006-2007, 2008-2009 ж.т. (ұлдар, қыздар) оқушылар арасында республикалық жарыс 2022 жылғы 23-29 наурыз Шортанды қаласында өткізіледі.

Командалардың өтінімдері (1-қосымша) ұйымдастыру алқасына 2022 жылғы 25 ақпанға дейін берілуге тиіс.

Жарыс бағдарламасы

Өтетін уақыты	Жарыс
23 наурыз	Келу күні
24 наурыз	Ресми жаттығу Спринт
25 наурыз	Ізге түсу
26 наурыз	Демалыс күні

27 наурыз	Жекелей жарыстар
28 наурыз	Эстафета (командада 3 қатысушы)
29 наурыз	Кері қайту
Жарысқа қатысушылар	
Қатысушылар	Қатысушылар саны
2006-2007 ж.т. ұлдар-қыздар	4/4 3 қатысушының үздік көрсеткіші сынаққа алынады
2008-2009 ж.т. ұлдар-қыздар	4/4 3 қатысушының үздік көрсеткіші сынаққа алынады
Жаттықтырушы	2
Судья	2
Жетекші	1

4. Наразылық білдіру

Наразылықты команда өкілі, оқытушы және жаттықтырушы ойын жарысы аяқталғаннан кейін 1 сағат ішінде бас төрешілер алқасына жазбаша түрде береді. (тиісті облыс орталықтарының директорларымен келісім бойынша)

Нәтижелермен келіспеген жағдайда команда капитаны хаттамаға қол қоймайды, наразылықты ұйымдастыру алқасына қарауға береді.

Төрешілер алқасы наразылықты берілгеннен кейін 1 сағат ішінде қарайды және тексеру нәтижелерін өтініш берушіге жазбаша түрде хабарлайды.

Командаларды жасақтау ережелерінің бұзылғаны, өтінімнің дұрыс рәсімделмегені расталған жағдайда, аталған команда жарыстан шығарылады, жаттықтырушының, дене шынықтыру мұғалімінің немесе құрама команданың іс-әрекеті туралы бас төреші білім басқармасына хабарлайды.

5. Қаржылық шарттар

Жарыстарқа қатысушылардың шығындары (жол жүру, тәуліктік, тамақтану, тұру) жіберуші мекемелер есебінен.

Жарыстарды өткізуге байланысты шығындар:

- дипломдар, кубоктар, медаль, кеңсе тауаралын және баннерлерді дайындау;
- төрешілер, дәрігерлердің және қызмет көрсетушілердің еңбегіне ақы төлеу;

- спорт кешендермен көлікті жалға алу ҚР БҒМ "ҰҒПДТО" есебінен.

6. Марапаттау

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлерін ҚР БҒМ «ҰҒПДТО»-ның дипломдары, кубоктары және медальдарымен марапатталады.

Ұйымдастыру алқасының телефоны және электронды поштасы: 8 (717) 725791
e-mail: nnpcf.k.sport@mail.ru

7. Жарыс өткізу кезінде санитарлық нормаларды сақтау (COVID-19)

Жарысқа қатысушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ пандемия кезеңінде COVID-19 вирустық инфекциясының таралуының алдын алу үшін барлық қатысушыларға бас өңірлік дәрігерлердің санитариялық-эпидемиологиялық талаптарын сақтау қажет. Жарыстарды өткізу барысында ҚР ММЖТ 2021 жылдың 25 желтоқсандағы № 67 қаулысының барлық талаптары сақталуы тиіс.

1. Қатысушылар (ойыншылар, төрешілер, жаттықтырушылардың өкілдері) жарысқа COVID-19-ға ПТР-тесті бар, мерзімі жарыс басталғанға дейін 3 тәуліктен аспайтын анықтаманы, жеке қорғаныс құралдарын (мед маскалар, антисептиктер) алып келуі тиіс.
2. COVID-19-ға ПТР-тесттен өтуге шығындар іссапарға жіберуші ұйым есебінен жүргізіледі: ойыншылар, төрешілер, жаттықтырушылар және өңір өкілдері.
3. Жарыстарды өткізу кезінде міндетті түрде дәрігер болуы тиіс, ол күн сайын бас төрешіге спортшылардың денсаулық жағдайы (жалпы жағдайы, температурасы) туралы хабарлайды.
4. Жарысқа қатысушылар тұратын және жарыс орындарында (өңірлер командаларының жауапты өкілдері) санитарлық нормалар мен ережелерді сақтауы тиіс.

ОСЫ ЕРЕЖЕ АРНАЙЫ ШАҚЫРТУ БОЛЫП ЕСЕПТЕЛЕДІ!

**БИАТЛОН СПОРТЫНАН 2006-2007, 2008-2009 ж.т. ОҚУШЫЛАР
АРАСЫНДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАРЫСЫНА
ТАПСЫРЫС**

Облыс атауы: _____

№	Оқушының аты –жөні (толығымен)	Туған күні, айы, жылы	Сыныбы	Дәрігердің рұқсаты
1				
2				
3				
4				
5				

Жетекшісінің аты жөні: _____
(аты-жөні, қолы, телефон нөмірі)

Дәрігердің аты жөні: _____
(аты-жөні, қолы)

Мектеп директоры: _____
(аты-жөні, қолы, мөрі)